

**Конституциялық реформалар жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасының жаңа Ата Заңының жобасын жариялады. Бұл құжат азаматтардан, саяси партиялардан, қоғамдық ұйымдар мен сарапшылардан түскен ұсыныстарды мұқият талдаудың, ашық қоғамдық талқылаулардың, сондай-ақ жаңа нормалар мен ережелерді жан-жақты әрі тиянақты пысықтаудың нәтижесінде пайда болды. Конституциялық реформа Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстанда бір палаталы Парламент құру жөніндегі бастамасының негізінде туындады. Президент бұл идеяны 2025 жылғы 8 қыркүйекте өзінің халыққа арнаған жыл сайынғы Жолдауында елдің саяси жүйесін кешенді жаңғырту және жасанды интеллект дәуірінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі оң серпін беру мақсатында айтқан болатын.**

2025 жылғы 8 қазанда Парламенттік реформаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобын құру туралы өкімге қол қойылды. Оның құрамына белгілі құқықтанушы ғалымдар, сарапшылар, саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдардың өкілдері кірді.

Алайда талқылауларға барлық белсенді азаматтар қосылып, өз пікірлері мен ұсыныстарын e-Otinish және eGov порталдары арқылы жолдай бастады. Осылайша, жаңа реформаны кенінен әрі қарқынды талқылау шамамен алты айға созылды. Осы кезең ішінде Жұмыс тобы азаматтардан түскен екі мыңнан астам ұсынысты жан-жақты қарап, жүйелеп шықты.

2026 жылғы қаңтарда өткен Ұлттық құрылтайдың V отырысында Мемлекет басшысы атқарылған жұмыстың қорытындысын шығарып, алдағы өзгерістерге қатысты өз көзқарасын білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев, сондай-ақ, парламенттік реформа аясында бастапқыда Ата Заңның шамамен 40 бабына өзгерістер енгізу көзделгенін атап өтті. Алайда жұмыс барысында өзгерістер көлемі әлдеқайда ауқымды болатыны айқындалып, олар саяси және қоғамдық өмірдің көптеген өзге де қырларын қамтитыны белгілі болды.

2026 жылғы 21 қаңтарда Конституциялық комиссия құрылды. Оның құрамына Ұлттық құрылтай мүшелері, белгілі құқықтанушылар, орталық мемлекеттік органдардың жауапты қызметкерлері, БАҚ басшылары, мәслихат төрағалары, аймақтық қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ сарапшылық және ғылыми қауымдастық өкілдерін қоса алғанда 130 адам кірді. Осылайша, Комиссия құрамында Қазақстанның барлық әлеуметтік топтары мен аймақтары толық қамтылды.

Комиссияға Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова басшылық етеді. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және Премьер-Министрдің орынбасары – Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева оның орынбасарлары болып белгіленді.

«Комиссияның құрылуын секторлық өзгерістерден кешенді конституциялық трансформацияға өтудің көрінісі ретінде қарастыруға болады. Оның алдында ерекше миссия тұр. Ол – Ата Заңда бір жағынан конституциялық құрылыстың негізгі принциптерін сақтау, екінші жағынан қазіргі заманғы сын-қатерлерге лайықты көзқарасты білдіру мүмкіндігін қамтамасыз ету», – деп атап өтті алғашқы отырыста Конституциялық Соттың Төрағасы Эльвира Азимова.

Комиссияның барлық отырыстары толықтай ашық түрде өткізіліп, тікелей эфирде көрсетілді. Оның жұмысы БАҚ-та кеңінен және егжей-тегжейлі баяндалды. Өз пікірлерін, ескертпелерін және ұсыныстарын белгілі заңгерлер, құқық қорғаушылар, қоғамдық белсенділер, депутаттар, саяси зерттеушілер және басқа да сарапшылар білдірді.

Жұмыс барысында Комиссия мүшелері республиканың Ата Заңының барлық негізгі түзетулерін жан-жақты қарап шықты. Бұл түзетулер Конституцияның барлық бөлімдеріне және 77 бабына қатысты, яғни жалпы мәтіннің 84%-ын қамтыды. Осылайша, Комиссия мүшелері Қазақстанның жаңа Конституциясын әзірлеу мәселесін алға тартты.

Қазақстан Республикасы Ата Заңының тұжырымдамалық өзгерістері мемлекеттің адамға бағдарланғанын арттыруға, Қазақстан халқына тән өзекті құндылықтар мен қағидаттарды көрсетуге, сондай-ақ республикадағы саяси институттар құрылымының тиімділігін арттыруға бағытталған.

Жаңа Преамбулада адам құқықтары мен бостандықтары алғаш рет мемлекеттің негізгі басымдығы ретінде жария етілді. Бірлік пен ынтымақтастық, ұлтаралық және дінаралық келісім Қазақстан мемлекеттілігінің негізі ретінде белгіленді.

Егемендік пен Тәуелсіздік, біртұтастық, аумақтық тұтастық өзгермейтін құндылықтар санатына жатқызылды.

Әділеттілік, Заң мен Тәртіп, табиғатқа ұқыпты қарау сияқты қағидаттар алғаш рет Конституция деңгейінде бекітілген.

Сонымен қатар, мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы және егемендіктің иесі Қазақстан халқы болып табылатыны бекітілген.

Ата Заңымыздың жаңа мәтінінің басты идеясы ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновация анықталды. Бұл мемлекеттің болашағы минералды ресурстар мен табиғи байлықтармен емес, адами капиталмен және азаматтардың жетістіктерімен анықталатынын көрсететін түбегейлі маңызды бетбұрыс.

Тағы бір маңызды мағыналық бағыт – цифрландыру.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ЖОБАСЫ ЖАРИЯЛАНДЫ



Осыған байланысты Конституцияның жаңа мәтінінде алғаш рет азаматтардың құқықтарын цифрлық ортада қорғау туралы норма бекітілді.

Конституцияның жаңа мәтінінің басты ерекшелігі – адам құқықтарына бағдарлануы. Осылайша, адам құқықтары мен бостандықтары жаңа Преамбулада ғана бекітіліп қоймай, бүкіл Конституцияның ерекше басымдығы әрі мағыналық өзегі ретінде айқындалған. Дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітіледі. Білім беру мен тәрбие жүйесінің зайырлы сипаты айқындалады.

Неке ер адам мен әйел адамның ерікті және тең құқықты одағы екендігі туралы ереже енгізіледі. Бұл шешім дәстүрлі құндылықтарды ең жоғары құқықтық деңгейде қорғауға және әйелдердің құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған.

Конституция жобасының негізгі новеллаларының ішінде мыналарды атап өтуге болады:

\* 145 депутаттан тұратын және жаңа, кеңейтілген өкілеттілікке ие бір палаталы жаңа Парламент – Құрылтай құрылады. Оны құру кезінде пропорционалды сайлау жүйесі қолданылады, ал депутаттардың өкілеттік мерзімі 5 жылды құрайды.

Пропорционалды жүйе партиялардың кадрлық саясатын дамытуға, олардың институционалдық рөлін арттыруға және саяси күштердің қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейтуге ықпал етеді.

\* Жаңа жалпыұлттық диалог платформасы – Қазақстанның Халық Кеңесі құрылады, ол Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Ұлттық құрылтайдың стратегиялық функцияларын жалғастырады. Бұл Қазақстан халқының мүдделерін білдіретін, заң шығару бастамасы құқығына ие жоғарғы консультативтік орган болады.

\* Вице-президент институтын құру. Ол ҚР Президентінің атынан Қазақстан мен шетелдердің қоғамдық-саяси, ғылыми және мәдени-ағартушылық ұйымдарымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады.

\* Адвокаттық қызметке және адвокатураға арналған арнайы бап алғаш рет Конституцияда бекітіледі.

\* Зияткерлік меншік құқығын қорғау қамтамасыз етіледі.

\* Азаматтарға жаңа міндеттер жүктейтін немесе олардың жағдайын нашарлататын заңдарға, сол құқық бұзушылық үшін қайтадан жауапқа тартуға жол бермеуге тыйым салуды және кінәсіздік презумпциясы қағидаттарына, қоса алғанда, азаматтардың құқықтарына кепілдік күшейтіледі.

\* «Миранда ережесі» бекітіледі.

Сонымен қатар, Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасында ескірген терминологиялық аппарат мәселесі кешенді түрде

шешілуде.

Еліміздің жаңа Ата Заңының мәтіні қалыптасқан мемлекеттік құрылымды, халықаралық беделді, адами капиталды, білім, ғылым және инновацияларды дамытудағы Қазақстанның айқын басымдығын атап көрсетеді, ол сенімді түрде болашаққа көз тастайды.

Сонымен қатар, мемлекеттік құрылымның қалыптасуына және Қазақстанның тарихи дамуында маңызды рөл атқарған қазіргі Конституцияға құрмет көрсетіледі.

Жалпы, Конституцияның жаңа редакциясының алғашқы жобасында Преамбула, 11 бөлім және 95 бап бекітілу ұсынылады.

Ұсыныстар қабылдау e-Otinish және eGov порталдары арқылы жалғасып жатыр.

Жаңа Конституция бойынша нақты шешімді еліміздің азаматтары жалпыұлттық референдумда қабылдайды.

Конституциялық комиссияның жұмысы жалғасуда.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының жобасы  
<https://www.gov.kz/memleket/entities/ksrk/press/news/details/1152063?lang=kk>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ

### ҚР АТА ЗАҢЫ ЖОБАСЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

- Дін мен мемлекеттің ара-жігі нақты ажыратылып бекітіледі
- Білім беру мен тәрбиенің зайырлы сипаты орнықтырылады
- Неке-ер мен әйелдің ерікті әрі тең құқықты одағы екені туралы ереже енгізіледі. Бұл шешім дәстүрлі құндылықтарды ең жоғары құқықтық деңгейде қорғауға бағытталған

■ Конституциялық реформа

# АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫН ТАЛҚЫЛАУҒА БЕЛСЕНДІ ҚАТЫСТЫ



**Қазақстанның жаңа Конституциясының жобасы қолданыстағы Негізгі заң мәтінінің 80 пайыздан астамын өзгертуді көздейді. Мұндай ауқымды реформа оның жай ғана қабылдануымен шектелмей, әзірленіп жатқан құжаттың негізіне қандай қағидаттар мен ережелер қаланатынын терең түсінуді талап етеді. Дәл осы тұрғыда Ақмола облысында облыстық активтің қатысуымен кеңес өтіп, жаңа Конституция жобасы мен оның практикалық маңызы талқыланды.**

«Конституцияны жаңарту қажеттілігі қоғамдық үміттердің өзгеруіне байланысты. Бүгінде азаматтар мемлекеттен рәсімдердің формалды сақталуын емес, құқықтарының нақты қорғалуын, әділ шешімдер мен ашық диалогты күтеді.

Конституция Негізгі заң ретінде осы үміттерге сай келіп, мемлекеттік басқару жүйесінің барлығына айқын бағдар беруі тиіс», – деп атап өтті Ақмола облысы әкімінің міндетін атқарушы Елдос Рамазанов.

Реформа үдерісінде өңірлердің қатысуы айрықша маңызға ие. Конституциялық реформа жөніндегі комиссия құрамына Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы Бейбіт Жүсіпов кіріп, оның барлық отырыстарына қатысқан. Кеңесте сөз сөйлеген ол комиссия жұмысы басталғаннан-ақ қоғаммен ашық диалог форматында жүргізілгенін, ал ұсынылып отырған Конституция жобасы жабық шешімдердің емес, кең ауқымды қоғамдық талқылаудың нәтижесі екенін атап өтті.

Оның айтуынша, өзгерістердің ауқымы мен адамның қадір-қасиетін қорғауға бағытталуы қоғамдық дамудың жаңа негізі қалыптасып жатқанын көрсетеді. Кеңес барысында атап өтілгендей, бүгінгі қоғамдық сұраныс рәсімдердің формалды орындалуына емес, адам құқықтарының нақты қорғалуына, шешімдердің әділдігі мен биліктің жауапкершілігіне бағытталған. Дәл осы сұраныс жаңа Конституция жобасының негізіне алынған. Адамға бағдарланған қағидат күшейтіліп, құқықтар мен бостандықтарды қорғау тетіктері кеңейтіледі,

мемлекеттік органдардың қабылдайтын шешімдері үшін жауапкершілігі арта түседі.

«Жаңа Конституция құқық үстемдігін қамтамасыз етудің практикалық кепілі ретінде адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейтеді.

Жоба жеке адамның қол сұғылмаушылығын, цифрлық дәуірдегі жеке деректерді қорғауды, арнамыс пен қадір-қасиетті қорғауды, әлеуметтік құқықтарды және құқықтық айқындық қағидатын нақты айқындайды.

Бұл нормалардың барлығы әрбір азаматтың құқығы тікелей конституциялық кепілдікке ие болатын, ал мемлекет оларды қамтамасыз етуге міндетті жаңа құқықтық негізді қалыптастырады», – деді Ақмола облыстық мәслихатының төрағасы Бейбіт Жүсіпов.

Реформаның тағы бір маңызды бағыты ретінде, конституциялық комиссия мүшесінің айтуынша, өкілеттіктерді өңірлердің пайдасына қайта бөлу көзделіп отыр.

Мәслихаттардың рөлін күшейту шешімдердің едәуір бөлігі халыққа жақын деңгейде, нақты жергілікті мәселелерді ескере отырып қабылданатынын білдіреді.

Сонымен қатар кеңесте қатысушылар реформа мемлекеттіліктің базалық негіздеріне әсер етпейтінін ерекше атап өтті. Елдің егемендігі, тәуелсіздігі, унитарлығы мен аумақтық тұтастығы өзгермейтін құндылықтар ретінде сақталады.

Ұсынылып отырған өзгерістер эволюциялық сипатқа ие болып, мемлекеттік басқару жүйесін заманауи жағдайлар мен ұзақ мерзімді сын-қатерлерге бейімдеуге бағытталған.

Ақмола облысында келесі кезеңде кең көлемді түсіндіру жұмыстары жүргізілетіні атап өтілді. Жаңа Конституция тек қабылданып қана қоймай, мемлекеттік аппарат ішінде де, кең қоғамдық диалог аясында да терең түсінілуі тиіс. Оның ережелері қаншалықты саналы түрде қабылданып, практикада дәйекті іске асырылатыны азаматтардың билік институттарына деген сеніміне тікелей әсер етеді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі.**

2026  
КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ  
РЕФОРМА

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫ

**ҚР АТА ЗАҢЫ ЖОБАСЫНЫҢ  
НЕГІЗГІ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ**

- ✓ Орталық идея ретінде білім мен ғылым, мәдениет пен инновациялар айқындалды
- ✓ Ең маңызды мазмұндық бағыттардың бірі - цифрландыру. Алғаш рет азаматтардың цифрлық ортадағы құқықтарын қорғау туралы норма бекітілді

## ЗАМАН ТАЛАБЫНА ЖАУАП БЕРЕДІ

**Целиноград ауданының әкімі Сабырғали Дарын Сабырғалиұлы аудан актиімен кездесіп, Конституцияның маңызды нормаларын түсіндірді.**

Ол құжаттың басты басымдықтары – азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, халық биліктің дереккөзі болып қала береді деп атап өтті. Заңдар азаматтардың мүдделерін қорғайды, ал мемлекет тәуелсіздік, тұтастық, зайырлылық қағидаларын және



мемлекеттік символдарға құрметті сактай отырып, әр тұрғында патриоттық сезімді нығайтады.

Әкім 7 және 9-баптарға тоқталды, онда заң үстемдігі, қазақ және орыс тілдері, зайырлы білім беру, адам құқықтарын қорғау, ғылым, мәдениет және инновациялар дамуы бекітілген. «Бұл жай қағаздағы мәтін емес, ол елді әділ етуге, азаматтарға мемлекет өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік беретін құрал», – деді ол.

Елдің болашағы тек ресурстарға ғана емес, адамдардың мүмкіндіктеріне, патриоттық сезіміне және мемлекеттік символдардың құрметіне негізделуі керек деп атап өтті Дарын Сабырғалиұлы.

**Өз тілшіміз.**

Ақмол.

## ЕЛ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРЕТІН ҚҰЖАТ

**Конституциялық реформа - мемлекеттің саяси және құқықтық жүйесін жаңғыртуға бағытталған маңызды қадам. Оның негізгі мақсаты — азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын кеңейту, билік тармақтары арасындағы тепе-теңдікті нығайту және мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру.**

Сарапшылардың пікірінше, реформа заңның үстемдігін күшейтіп, Парламенттің рөлін арттыруға, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға және мемлекеттік органдардың қоғам алдындағы жауапкершілігін көтеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл өзгерістер азаматтардың ел басқару ісіне қатысуын кеңейтіп, ашықтық пен қоғамдық бақылауды күшейтеді.

Конституциялық реформа қазіргі заман талаптарына сай саяси жаңғырудың негізін қалыптастырып, тұрақты даму мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етуге ықпал етеді. Ол халық пен мемлекет арасындағы сенімді нығайтып, демократиялық құндылықтарды тереңдетуге бағытталған маңызды бастама болып табылады.

Конституциялық комиссияның құрылу процесі, оның құрамы мен жұмыс тәртібі Мемлекет басшысы ұсынған негізгі идеологиялық бағыттарды толық көрсетеді деп есептеймін. Ұлттық құрылтайда Президент «Әділетті Қазақстан» идеясын Конституция деңгейінде бекіту қажеттігін нақты айтты. Комиссия құрамына әртүрлі ұлт өкілдерінің, әр жастағы, әр көзқарастағы адамдардың енуі – «Әртүрлі пікір – біртұтас ұлт» қағидатының нақты көрінісі.

Оларды біріктіретін ортақ мақсат – тәуелсіз Қазақстанның дамуына үлес қосу. Сондай-ақ Комиссия құрамынан «Естiтiн мемлекет» принципiн де анық байқауға болады. Мұнда мемлекеттік органдардың өкілдерімен қатар өңірлік, қоғамдық, кеңесші құрылымдардың мүшелері бар. Бұл – азаматтардан келіп түсетін ұсыныстар назардан тыс қалмайды деген сөз. Осы ашық әрі инклюзивті формат қоғамның сенімін күшейтіп, қабылданатын шешімдердің әділетті әрі өміршең болуына жол ашады деп сенемін.

**Гүлнар СӘБИТОВА,**  
аудан мәслихатының депутаты.

Ақмол.

■ Аудан әкімдігінде

## ТАЛАП-АРЫЗДАРЫ ЕСКЕРІЛДІ

*Жуырда белгіленген кесте бойынша Целиноград ауданының әкімі Дарын Сабырғали азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдады.*

Қабылдау барысында Шалқар ауылдық округінің жергілікті қоғамдастығының сайланған құрамы бойынша мәселе көтерілді. Арыз берушінің сөзіне қарағанда, қоғамдастық құрамына дауыс беру кезінде болмаған адамдар сайланған. Аудан әкімі аталған мәселені қарап, жергілікті қоғамдастыққа сайлау кезінде жіберілген қателіктерді анықтап, белгіленген тәртіп бойынша дауыс беруді қайтадан өткізуді тапсырды. Сондай-ақ қабылдау кезінде ауыл клубы мен тұрғындарды еңбекке орналастыру мәселелері көтерілді.

Ақмол ауылының тұрғындары өңір басшысының назарын жалпы білім беретін мектептің жай-күйіне аударды. Олардың айтуларына қарағанда, мектеп ғимараты күрделі жөндеуді, жиһаздардың жаңартылуын талап етеді. Сондай-ақ бірлі-жарым оқушылардың ұнамсыз қылықтары да сөз болды. Аудан әкімі өз сөзінде мектеп ғимаратының 2026-2027 жылдарға арналған жаңарту нысандарының тізіміне енгенін айтты, қажетті қаржы бөлінген соң күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынады. Ал оқушылардың ұнамсыз қылықтары тұрғысындағы мәселе бойынша келеңсіз жәйттарды анықтайтын комиссия құрылып, апта сайын кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі инспекторлармен бірлесіп профилактикалық шаралар



ұйымдастырылуы қажет.

Қабылдау соңында «Нұрлы» өндірістік кооперативінің жер телімдеріне қатысты мәселе қаралды.

Аудан әкімі азаматтардың барлық талап-тілектерін тыңдап, қолданыстағы заң аясында нақтылы түсініктеме мен кеңес берді. Жауыпты тұлғаларға көтерілген барлық мәселелерді жан-жақты талдап, белгіленген мерзім бойынша нақтылы шаралар қолдануды тапсырды.

Еске сала кететін жәйт, аудан әкімінің жеке қабылдауы алдын ала жазылым бойынша мына телефон арқылы жүргізіледі: 8(71651) 30-509.

Т. ТІНӘЛІ.

Ақмол.

■ Денсаулық

*Қазіргі қоғамда вакцинация мәселесі өзекті тақырыптардың біріне айналды. Бірі оны міндетті медициналық шара деп қабылдаса, енді бірі жеке таңдау құқығы ретінде қарастырады. Алайда бұл мәселені тек жеке адамның емес, тұтас қоғамның қауіпсіздігі тұрғысынан бағалау маңызды.*

## ЕКПЕ АЛУ - ӨМІР ТАЛАБЫ

*Вакцинация міндет пе, әлде жауапкершілік пе?*



Вакцинация – жұқпалы аурулардың алдын алуға ғылым дәлелдеген ең тиімді әдістердің бірі. Ол адам ағзасында белгілі бір ауруға қарсы иммунитет қалыптастырып, қауіпті індеттердің кең таралуына жол бермейді. Вакцинаның арқасында полиомиелит, қызылша, көкжөтел секілді ауыр сырқаттар едәуір азайды. Сонымен қатар, вакцинация ұжымдық иммунитет қалыптастырып, иммунитеті әлсіз адамдарды да қорғайды.

Дегенмен, вакцинацияға қатысты алаңдаушылық білдіретіндер де бар. Кейбір жағдайларда вакцинадан кейін дене қызуының көтерілуі, әлсіздік немесе аллергиялық реакциялар байқалуы мүмкін. Әлеуметтік желілерде тараған жалған ақпарат та халық арасында сенімсіздік тудыруда. Алайда медицина мамандары мұндай жанама әсерлердің сирек кездесетінін және вакцинацияның пайдасы ықтимал зиянынан әлдеқайда жоғары екенін алға тартады.

Бұл мәселеге діни тұрғыдан да ерекше мән беріледі. Дін қызметкерлерінің айтуынша, адам өмірі мен денсаулығы – Алланың аманаты. Ислам дінінде «Өзіңе де, өзгеге де зиян келтірме» деген қағида бар. Сондықтан аурудың алдын алып, қоғам игілігі үшін жасалатын вакцинация дінге қайшы емес. Керісінше, бұл – жауапкершілік пен жанашырлықтың айқын көрінісі.

Дін өкілдері ғылым мен ақылға сүйеніп шешім қабылдауға үндейді. Дәрігерлердің кеңесіне құлақ асып, нақты әрі сенімді ақпаратқа сүйену – әрбір азаматтың міндеті. Өйткені вакцинация тек бір адамның емес, бүкіл қоғамның денсаулығына әсер етеді. Вакцинация – қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі маңызды қадам. Оны міндет немесе жеке таңдау ретінде қабылдасақ та, ең бастысы – саналы шешім қабылдау. Себебі дені сау қоғам – ел болашағының берік негізі.

Әрине бұл менің өз ойым, өз пікірім. Аман болайық, ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол іздегеніміз абзал.

**Қайрат ӘМІРОВ,**  
Мәншүк ауылының имамы.



## ЖҰМЫСТАРЫ



*Целиноград ауданының Оразақ ауылындағы «ЕрАй» жеке кәсіпкерлігі осыдан үш жыл бұрын Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасы Целиноград аудандық филиалының қолдауымен ашылған еді. Содан бері өз жұмысын өрістетіп келеді.*

Бұл отбасылық бизнес: ерлі зайыпты Ерлан Кәрімов пен Әйгерім Кенжесаринаның, сондай-ақ Әйгерімнің анасы - Гүлжан Кенжесаринаның ортақ істері.

Әйгерім Кенжесарина «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Proficconsulting оқу



## ӨРГЕ БАСУДА



орталығы бірлесіп ұйымдастырған кондитерлік курсты тәмамдады. Наубайхана мен кондитерлік іс жай бизнес емес. Бұл ретте өнімнің дәмдеуіштері мен жасалу жолдарын қатаң қадағалау қажет. Сондай-ақ бұл жұмыс физикалық күш-жігер мен төзімділікті талап етеді. Өйткені наубайшылар ыстық температурада, түн мезгілінде жұмыс істейді. Бұл әркімнің қолынан келе бермейтін іс.

Отбасы қоғамдық тамақтандыру саласындағы бизнестерін кеңейтуге шешім қабылдады. Олар Оразақ ауылындағы бос тұрған ғимараттың иесімен келісімге келіп, оны мейрамхана ретінде жабдықтап, кейін жалға алады.

Осыдан кейін отбасы Кәсіпкерлер палатасының Целиноград аудандық филиалына несие алу мәселесі бойынша қажетті құжаттарды алу бойынша арыз берді. Олардың барлық өтінімдері қаралып, мейрамхананы ашу мен барлық жұмыстардың аяқталуы бойынша қажетті қолдау көрсетілді.

Бүгінде Кенжесариндер наубайхана, кулинария және мейрамхана істерін табысты түрде дөңгелетіп отыр.

Осы орайда жеке кәсіпкерлердің істеріне сәттілік тілеп, табыстары еселене берсін демекпіз.

Барлық сұрақтар бойынша Целиноград аудандық филиалына хабарласуларыңызды сұраймыз:

Ақмол ауылы, байланыс телефоны: 8(71651) 79-021. Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасы.

**Е. ТӨЛЕШОВ,**  
Кәсіпкерлер палатасы Целиноград аудандық филиалының директоры.

Ақмол.

■ Заң мен Тәртіп

## АШЫҚ СОТ — АШЫҚ САНА



*Адам өмірінде ұзақ сақталатын оқиғалар болады — олар даңғаз тақырыптармен емес, жүректе қалған әдемі әсерімен есте қалады. Мұндай сәттер ақыл үйретпейді, беделмен қысым жасамайды, тек өмірді бар болмысымен шынайы түрде көрсетеді. Жуырда гара Ақмол ауылының жалпы білім беретін мектебі оқушыларының аудандық сотта өткен ашық сот отырысына қатысуы дәл осындай — шынайы, әсерлі әрі ересек өмірге бастайтын тәжірибе болды десек, артық айтқандық емес.*



«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында оқушылар сот жүйесінің жұмысын экраннан немесе оқулық беттерінен емес, нақты өмірде көруге мүмкіндік алды.

Қатаң рәсім, байыпты үң, әрбір әрекеттегі дәлдік — мұның бәрі сөздің салмағы бар, ал шешімнің салдары болатын ерекше атмосфера қалыптастырды. Көптеген оқушылар үшін бұл заңның абстрактілі ұғым емес, әділеттің тірі өзегі екенін алғаш рет сезінген сәт болды.

Іс-шараның маңызын арттырған жәйт — сот отырысына тікелей қатысып, процесті өзі жүргізген сот төрағасының болуы. Бұл оқушылар үшін ерекше әрі символдық мәнге ие болды: олар сот билігінің өкілін тек ресми тұлға ретінде емес, әрбір шешімі үшін жеке жауапкершілік арқалайтын кәсіби маман ретінде көре алды.

Аудандық сот төрағасымен өткен ашық әңгіме оқушылардың алған әсерлерін тереңдете түсті. Диалог — құрғақ тұжырымдарсыз, бірақ терең мазмұнмен шынайы өтті.

Оқушылар соттың «алыс құрылым» емес, адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін қорғау үшін құрылған институт екенін сезінді. Дәл осындай сәттерде үнсіз, бірақ берік сенім қалыптасады.

Сот отырысын бақылаудың өзі де аса құнды тәжірибе болды. Оқушылар заңгер, судья, адвокаттардың кәсіби жұмысын іс үстінде көрді — байсалды, жинақы, тек білімді ғана емес, ішкі тәртіпті, адалдықты, тыңдай білуді талап ететін еңбек.

Кейбіреулер үшін бұл күн болашақ мамандыққа деген алғашқы қызығушылықтың ұшқынына, өз-өзіне қойылған алғашқы сұраққа айналуы әбден мүмкін: «Мен кім болғым келеді?» Уақыт өте келе заң қорғаушылар қатары дәл осы жерде өз таңдауын жасаған жастармен толығыуы ықтимал.

Эмоциялық тұрғыдан да маңызды өзгеріс болды. Кино мен сериалдар арқылы қалыптасқан көптеген стереотиптер сейілді. Оқушылар соттың шоу да, дабыралы көрініс те емес, тағдырлар шешілетін, абсолютті бейтараптықты талап ететін мұқият әрі жауапты еңбек екенін түсінді.

Кездесу сот ғимаратына жасалған экскурсиямен жалғасты. Сот залдары мен қызметтік бөлмелер құқықтық дәстүрлерге деген құрметті, тарих тынысын сезінуге мүмкіндік берді. Мұнда ұрпақтар сабақтастығы айқын байқалады: өткеннің

тәжірибесі болашаққа тірек болу үшін сақталады.

Ең бастысы — алған әсер сот қабырғасында ғана қалып қойған жоқ. Оқушылар көрген-білгенін мектепте, достарымен және жақындарымен бөлісіп, ой қозғайды, сұрақ қояды. Осылайша құқықтық мәдениет бұйрықпен емес, тірі диалог пен жеке түсінік арқылы біртіндеп қалыптасады.

Стратегиялық тұрғыдан алғанда, мұндай бастамалар — адами капиталға салынған инвестиция. Ал адами көзқараспен қарасақ — бұл болашаққа деген қамқорлық. Заңға құрмет қорқыныштан емес, саналы таңдаудан туындайтыны, ал тәртіп шектеу емес, әділетті әрі тұрақты өмірдің табиғи негізі ретінде қабылданатыны белгілі.

**Әлия ХАСЕНОВА,**  
Жастар орталығының маманы.

Ақмол.

### Хабарландыру

«Көктау-РР» ЖШС «Ақмола облысының Целиноград ауданындағы Миновка-2 кен орнында қиыршық тасты топырақ өндірудің салдарын жою жоспарына қоршаған ортаны қорғау бөлімі» бойынша қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

**Жария талқылау мерзімі 10 жұмыс күні 16.02.2026 жылдан 27.02.2026 жылға дейін.**

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Көктау-РР» ЖШС, БСН 240540008120, мекенжайы: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Ш. Уәлиханов көшесі, 28/4 үй. Жетекшісі Е. С. Жақыпов

Мемлекеттік экологиялық сараптама объектісінің құжаттамасын әзірлеуші: «Қазтехпроект «ҒЗЖИ» ЖШС, мекенжайы 010000, Астана қаласы, Нұра ауданы, Шыңғыс Айтматов көшесі, 46 ғимарат, н.п. 8, БСН 031140000625, Тел: 8(7172) 78 88 33.

Ескертулер мен ұсыныстар қабылданатын автоматтандырылған ақпараттық жүйеге сілтеме: <https://nbdecology.gov.kz>.

«Целиноград ауданы сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қабанбай батыр ауылдық округіне қарасты «Нұра ауылының дамуы мен құрылысының схемасы» құжатының скринингі жөніндегі материалдар ҚР Экология және табиғи ресурстар Министрлігіне (ҚР Экологиялық кодексінің 6 бабының 55 тармағына сәйкес, старетеялық экологиялық баға беру үшін) берілгендігін хабарлайды.

Жобалаушы - «ASK PROJECT 1» ЖШС-і.

**Жоба бойынша ескертпелер мен ұсыныстар 2026 жылдың 16 ақпанынан 2026 жылдың 27 ақпанына дейін Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық мәдениет және саясат департаментінде қабылданады. (Астана қ-сы, Мәңгілік ел даңғылы, 8.)**

Телефондары; 8(7172) 74-08-90, 74-02-83, 87076173174.

e-mail: [b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz](mailto:b.zhartybaeva@ecogeo.gov.kz),  
[n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz](mailto:n.kunanbayeva@ecogeo.gov.kz), [k.kense@ecogeo.gov.kz](mailto:k.kense@ecogeo.gov.kz).

**«Есіл-Нұра»**  
**«Вестник Ақмола»**

Целиноград ауданының газеттеріне  
**ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!**  
**ПОДПИШИТЕСЬ**  
на газеты

«Есіл - Нұра» Индекс газеті - 65821;  
Индекс газеті «Вестник Ақмола» - 4991

**Цена на год - 4991,52**

Наш эл.адрес: [vestiakmola@mail.ru](mailto:vestiakmola@mail.ru)

Тел./факс 8 (71651) 30-537

**2026 ЖЫП**

**Esil-Nura**

**Бас редактор**  
**Ж. С. ТҮГЕЛБАЕВ**

Меншік иесі:  
«Перне» ЖШС  
(Ақмола облысы  
Целиноград  
ауданы)

Газет редакцияның компьютерлік цехында теріліп, беттеледі.  
«Астана Интер-Трейддинг» ЖШС (Астана қаласы, Жұбанов к-сі, 24/1) баспаханасында басылып шығарылды.  
Мерзімдік баспасөз басылым, ақпарат агенттігі және желілік басылымды есепке қою туралы N 16264-Г Күәлігін 2016 жылы 23 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.  
Таралымы – 1000 дана. Тапсырыс-наряд N 23  
Индекс 65821. Газет бейсенбі күні шығады. Көлемі 1 баспа табақ.

Редакция әрбір автордың пікірімен келісе бермейді. Келтірілген деректерге, сондай-ақ хабарландырулар мен жарнамаларға - берген кісілер жауапты.

Ақмол ауылы Гагарин көшесі, 2  
8(716-51) 30-537

e-mail: [vestiakmola@mail.ru](mailto:vestiakmola@mail.ru)

Сайт: [vestiakmola.kz](http://vestiakmola.kz)